

**Мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын жекелеген ұйымдарға салық салудың кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 590 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 119-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу кезінде Салық кодексінің 119-1-бабы 4-тармағының ережелерін бес жылдан астам мерзімге қолдану ережесі;
- 2) тіркелген активтерге инвестициялардың көлеміне байланысты Салық кодексінің 119-1-бабы 4-тармағының қолданылу мерзімі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 13 маусымдағы  
N 590 қаулысымен  
бекітілген

**Мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу кезінде Салық кодексінің 119-1-бабы 4-тармағының ережелерін бес жылдан астам мерзімге қолдану ережесі**

1. Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленген және Салық кодексінің 119-1-бабының 4-

тармағына сәйкес мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың корпорациялық табыс салығының сомасын жүз пайызға азайту туралы ережелерді бес жылдан астам мерзімге қолданудың тәртібін белгілейді.

2. Салық Кодексінің 119-1-бабы 4-тармағының ережелерін қолдануға өтінімді мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (бұдан әрі - өтінім беруші) мұнай-химия өнеркәсібі саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті мемлекеттік орган) жібереді.

3. Өтінім мына құжаттарды:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтінішті;  
2) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариус куәландырған көшірмесін;

3) заңды тұлғаның статистикалық карточкасының нотариус куәландырған көшірмесін;

4) заңды тұлғаның жарғысының нотариус куәландырған көшірмесін;

5) мемлекеттік қабылдау комиссиясының өндірістік мақсаттағы объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісін;

6) заңды тұлға өндірістік мақсаттағы объектілерге жасаған инвестицияларды растайтын құжаттарды қамтиды.

4. Уәкілетті мемлекеттік орган осы Ереженің 3-тармағының талаптарына сәйкес жасалған өтінімнің Салық кодексінің 119-1-бабының талаптарына сәйкестігін қарайды және өтінім берушіге өтінім алған күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда жауап жібереді.

5. Салық кодексінің 119-1-бабы 4-тармағының қолданылу мерзімі осы қаулымен белгіленеді.

6. Оң шешім қабылданған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган өтінім берушіге аумақтық салық органына беру үшін бес жылдан астам мерзімге корпорациялық табыс салығының сомасын жүз пайызға азайту туралы қорытынды береді.

7. Теріс шешім қабылданған жағдайда уәкілетті мемлекеттік орган өтінім берушіге шешімді негіздей отырып, жазбаша нысанда жауап жібереді.

Мұнай-химия өнеркәсібіндегі  
қызметті жүзеге асыратын  
ұйымдарға салық салу кезінде  
Салық кодексінің 119-1-бабы  
4-тармағының ережелерін бес  
жылдан астам мерзімге қолдану

ережесіне қосымша

**ӨТІНІШ**

Жобаның Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 119-1-бабының 4-талаптарына сәйкестігін анықтау бойынша және оң шешім қабылданған жағдайда, аталған баптың 4-тармағы ережелерінің қолданылу мерзімін белгілеу үшін "заңды тұлғаның атауы" \_\_\_\_\_

(жобаның атауы)

инвестициялық жобасы бойынша құжаттарды қарауға қабылдауды сұрайды.

Инвестициялық жоба туралы ақпаратты хабарлаймыз:

1. Ж о б а ғ а қ а т ы с у ш ы л а р
2. Құрылатын өндірістің негізгі элементтерін сипаттаумен жобаның мақсаты м е н м ә н і :  
күрделі жұмсалымның міндеттері және бағыттары;  
жоба бағдарланатын мұнай-химия өнімі және шикізат.
3. Ж о б а н ы ң о р н а л а с қ а н ж е р і
4. Ұлттық және шетелдік валютада жобаны іске асырудың құны:  
құрылыс-монтаж жұмыстарының құны;  
негізгі жабдықтың құны (жеткізілім құнын көрсете отырып);  
көмекші жабдықтың құны (жеткізілім құнын көрсете отырып);  
жабдықты монтаждау мен іске қосудың құны;  
қарыз және өз қаражатының көлемі.
5. Жобаны іске асырудың мерзімі мен кестесі.
6. Өтінім беруші туралы жалпы мәліметтер:

Заңды тұлғаның атауы	
Мекен-жайы	
Басшы (аты-жөні, телефоны)	
Бас бухгалтер (аты-жөні, телефоны)	
Байланыстыратын адам (аты-жөні, телефоны)	
Банктік деректемелері (е/ш, валюта шоты)	

Осы өтінішке мұнай-химия өнеркәсібіндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға салық салу кезінде Салық кодексінің 119-1-бабы 4-тармағының ережелерін бес жылдан астам мерзімге қолдану ережесінің 3-тармағында көрсетілген құжаттар қоса беріледі.

Б а с ш ы (қ о л ы) ( а т ы - ж ө н і )  
Б а с б у х г а л т е р (қ о л ы) ( а т ы - ж ө н і )

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 13 маусымдағы

бекітілген

**Тіркелген активтерге инвестициялардың көлеміне байланысты Салық кодексінің**

**119-1-бабы 4-тармағының қолданылу мерзімі**

P/c N	Қызмет түрінің атауы, Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуішінің коды (ЭҚЖЖ коды)	Тіркелген активтерге инвестициялардың көлемі, АЕК (млн.) <sup>1</sup>	Қолдану мерзімі, жыл <sup>2</sup>
1	2	3	4
1	Мотор отынын қоспағанда, басқа мұнай өнімдерін: бензин, керосин және т.с.с.; отын: жеңіл дистиллят отынын, орта дистиллят отынын және ауыр дистиллят (дизельдік) отынын өндіру, (23.20-дан).	5-тен жоғары 6-ға дейін қоса алғанда 6-дан жоғары 7-ге дейін қоса алғанда 7-ден жоғары 8-ге дейін қоса алғанда 8-ден жоғары 9-ға дейін қоса алғанда 10-нан жоғары	6 7 8 9 10
2	Басқа да негізгі органикалық (химиялық) заттектерді өндіру, (24.14)	5-тен жоғары 6-ға дейін қоса алғанда 6-дан жоғары 7-ге дейін қоса алғанда 7-ден жоғары 8-ге дейін қоса алғанда 8-ден жоғары 9-ға дейін қоса алғанда 10-нан жоғары	6 7 8 9 10
3	Бастапқы нысандардағы пластмассаларды шығару, (24.16)	5-тен жоғары 6-ға дейін қоса алғанда 6-дан жоғары 7-ге дейін қоса алғанда 7-ден жоғары 8-ге дейін қоса алғанда 8-ден жоғары 9-ға дейін қоса алғанда 10-нан жоғары	6 7 8 9 10
4	Синтетикалық каучук өндіру, (24.17)	5-тен жоғары 6-ға дейін қоса алғанда 6-дан жоғары 7-ге дейін қоса алғанда 7-ден жоғары 8-ге дейін қоса алғанда 8-ден жоғары 9-ға дейін қоса алғанда 10-нан жоғары	6 7 8 9 10
5	Бояулар және лактар шығару, (24.3)	5-тен жоғары 6-ға дейін қоса алғанда	6 7

		6-дан дейін	жоғары қоса	7-ге алғанда	8
		7-ден дейін	жоғары қоса	8-ге алғанда	9
		8-ден дейін	жоғары қоса	9-ға алғанда	10
		10-нан	жоғары		
6	Сабын және жуғыш, тазартқыш және жылтыратқыш заттар, парфюмерлік және косметикалық заттар шығару, (24.5)	5-тен дейін	жоғары қоса	6-ға алғанда	6
		6-дан дейін	жоғары қоса	7-ге алғанда	7
		7-ден дейін	жоғары қоса	8-ге алғанда	8
		8-ден дейін	жоғары қоса	9-ға алғанда	9
		10-нан	жоғары		10
7	Жасанды және синтетикалық талшықтар шығару, (24.7)	5-тен дейін	жоғары қоса	6-ға алғанда	6
		6-дан дейін	жоғары қоса	7-ге алғанда	7
		7-ден дейін	жоғары қоса	8-ге алғанда	8
		8-ден дейін	жоғары қоса	9-ға алғанда	9
		10-нан	жоғары		10
8	Реზეңке бұйымдарды шығару, (25.1)	5-тен дейін	жоғары қоса	6-ға алғанда	6
		6-дан дейін	жоғары қоса	7-ге алғанда	7
		7-ден дейін	жоғары қоса	8-ге алғанда	8
		8-ден дейін	жоғары қоса	9-ға алғанда	9
		10-нан	жоғары		10

### Е с к е р т п е :

1. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін айлық есептік көрсеткіш;
2. Мемлекеттік қабылдау комиссияларының толық технологиялық циклімен өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға берген күннен бастап.